

Сауда қызметін реттеу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 544 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтінде сөздер алмастырылды – ҚР 2006.01.10. № 116 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң сауда қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны мемлекеттік реттеудің принциптерін және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автоматты түрде лицензиялау (байқау) – жекелеген тауар түрлерінің экспорты және (немесе) импорты динамикасын мониторингтеу мақсатында белгіленетін уақытша шара;

2) ақпараттық-жарнамалық сауда алаңы – сатушылар, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды-сатуды ұйымдастыру мақсатында олар туралы жарнамалық (ақпараттық) мәліметтерді қамтитын интернет-ресурс;

3) айрықша құқық – сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың жекелеген тауар түрлерінің экспортын және (немесе) импортын жүзеге асыруына айрықша лицензия негізінде ұсынылатын құқық;

4) арзандатылған тауар – кемшілігінің болуына не кемшілігінің жойылуына байланысты төмендетілген бағамен өткізілетін тауар;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәні – елде бағалардың негізсіз өсуіне жол бермеу, инфляцияны жол берілетін шектерде ұстау және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында белгіленетін бөлшек сауда бағаларының жол берілетін деңгейі, ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларын осы деңгейге дейін айқындауға құқылы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін асырған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар белгілейтін бөлшек сауда бағаларының деңгейі;

7) бақылау (сәйкестендіру) белгісі – қолдан жасаудан қорғау элементтері (құралдары) бар, сәйкестендіру құралын қамтитын және тауарларды таңбалауға арналған қатаң есептілік бланкісі (құжат) (қорғалған полиграфиялық өнім);

8) бөлшек сауда – сатып алушыға жеке, отбасылық, үй ішінде немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзгедей пайдалануға арналған тауарларды сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

9) жаппай сату – тиісінше сападағы тауарларды төмендетілген бағалармен өткізу;

10) кедендік әкелу бажы – тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу кезінде кеден органдары алатын міндетті төлем;

11) кедендік әкету бажы – тауарлардың экспорты кезінде алынатын міндетті төлем;

12) кедендік баждардың квотадан тыс мөлшерлемесі – кедендік әкелу немесе әкету бажының белгіленген тарифтік квотадан артық әкелінетін немесе әкетілетін тауарларға белгіленетін мөлшері (шамасы);

13) кедендік баждардың квотаішілік мөлшерлемесі – кедендік әкелу немесе әкету бажының белгіленген тарифтік квота шегінде әкелінетін немесе әкетілетін тауарларға белгіленетін мөлшері (шамасы);

14) көтерме сауда – кейіннен сатуға немесе жеке, отбасылық, үй ішінде және осындай өзгедей пайдаланумен байланысты емес өзге де мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

14-1) алып тасталды - ҚР 30.12.2021 № 96-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14-2) Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі (бұдан әрі – Экспорттық-кредиттік агенттік) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалатын, шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институтының мәртебесіне ие және осы Заң мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;

14-3) қауіпсіздік пайымдаулары бойынша шара – Қазақстан Республикасынан импортқа қатысты үшінші тарап енгізетін және ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қозғайтын шара;

15) қоғамдық тамақтандыру – тамақ өнімдерін өндіруге, қайта өңдеуге, өткізуге және тұтынуды ұйымдастыруға байланысты кәсіпкерлік қызмет;

16) мамандандырылған электрондық сауда алаңы – экономикалық қызметтің бір сыныптағы тауарлары, бір түрдегі жұмыстары мен көрсетілетін қызметтері өткізілетін электрондық сауда алаңы;

17) материалдық жеткізгіш – қолдан жасаудан қорғау элементтерін (құралдарын) қамтитын немесе қамтымайтын және сәйкестендіру құралдарын басып беруге, сақтауға және беруге арналған, кез келген материалдан жасалған бақылау (сәйкестендіру) белгісі немесе объектісі;

18) өтемақы шарасы – осы шараны енгізуге өтініш берген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің экономикасы саласына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше субсидиялаушы мемлекеттің өзіндік ерекшелікті субсидиясының теріс әсерін бейтараптандыру жөніндегі шара;

18-1) рұқсат беру құжаты – сыртқы сауда қызметіне қатысушыға тауарлардың жекелеген түрлерін әкелу және (немесе) әкету құқығына берілетін құжат (лицензия, мемлекеттік бақылау актісі, қорытынды, нотификация, рұқсат);

19) алып тасталды – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) алып тасталды – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21) сан жағынан шектеулер – тауарлардың сыртқы саудасын саны жағынан шектеу жөніндегі, квоталарды белгілеу арқылы енгізілетін шаралар;

21-1) сараптама ұйымы – штатында тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор бар, тауардың шығу тегіне, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесіне сараптама жүргізу жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын заңды тұлға;

22) сауда алаңы – сауда объектісінің тауарларды сату кезінде тауарларды қоюға, көрсетуге, сатып алушыларға қызмет көрсетуге және сатып алушылармен ақшалай есеп айырсу жүргізуге, сатып алушылардың өтуіне арналған, арнайы жабдық қойылған алаңы;

23) сауда базары – сауда қызметіне арналған, аумақта шаруашылық қызмет көрсету, басқару және күзет функциялары орталықтандырылған, тұрақты негізде жұмыс істейтін және өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарын қою үшін алаңмен қамтамасыз етілген, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға, өрт қауіпсіздігі, сәулет-құрылыс талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де талаптарға сәйкес келетін оқшауланған мүліктік кешен;

24) сауда желісі – сауда базарларын қоспағанда, ортақ басқару аясындағы және бірыңғай коммерциялық белгіленім мен өзге де дараландыру құралдарының аясында пайдаланылатын, екі және одан да көп сауда объектісінің жиынтығы;

25) сауда қызметі – ішкі және сыртқы сауданы қамтитын қызмет;

26) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – сауда саясатын қалыптастыратын және сауда қызметі саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

27) сауда объектісі – тауарларды сату кезінде тауарларды қоюға, көрсетуге, сатып алушыларға қызмет көрсетуге және сатып алушылармен ақшалай есеп айырысу жүргізуге арналған және сол үшін пайдаланылатын жабдықпен арнайы жарақтандырылған ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі, құрылысжай немесе құрылысжайдың бір бөлігі, сауда базары, автоматтандырылған құрылғы немесе көлік құралы;

28) сауда орны – тауарларды сату кезінде тауарларды қоюға, көрсетуге, сатып алушыларға қызмет көрсетуге және сатып алушылармен ақшалай есеп айырысу жүргізуге арналған және сол үшін пайдаланылатын жабдықпен жарақтандырылған орын;

29) сауда саясаты – осы Заңда белгіленген мақсаттар мен қағидаттарды іске асыру үшін мемлекеттік органдар жүргізетін ұйымдастырушылық, құқықтық, экономикалық, бақылау шаралары мен өзге де шаралардың жиынтығы;

30) сауда шаралары – арнайы қорғау, демпингке қарсы, өтемақы шаралары;

31) сәйкестендіру құралы – штрих код түрінде ұсынылған немесе радиожилілік белгісіне жазылған немесе автоматты түрде сәйкестендірудің өзге құралы (технологиясы) пайдаланыла отырып ұсынылған, машинамен оқылатын нысандағы символдардың бірегей тізбегі;

32) стационарлық емес сауда объектісі – инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылуының (технологиялық жалғануының) болуына немесе болмауына карамастан, жермен берік байланыспаған, уақытша құрылысжай немесе уақытша конструкция, оның ішінде автоматтандырылған құрылғы немесе көлік құралы;

33) стационарлық сауда объектісі – жермен берік байланысқан және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылған (технологиялық жалғанған) ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай), құрылысжай немесе құрылысжайдың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай);

33-1) сыйақы – азық-түлік тауарларын жылжыту, оның ішінде осындай тауарларды жарнамалау және оларды арнайы қоюды жүзеге асыру жолымен жылжыту, сондай-ақ осы тауарларды дайындау, өңдеу, буып-түю жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, сауда желілеріне немесе ірі сауда объектілеріне жіберуді қоса алғанда, азық-түлік тауарларын сатып алуға және өткізуге байланысты, азық-түлік тауарларын берушінің сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарларды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісіне ақшалай төлемі;

34) сыртқы сауда (бұдан әрі – сыртқы сауда қызметі) – сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың тауарларды Қазақстан Республикасынан әкетуге және (немесе) Қазақстан Республикасына әкелуге байланысты қызметі;

35) сыртқы сауда қызметіне қатысушылар – сыртқы сауда қызметін жүзеге асыратын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара

кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдар;

36) таңбаланған тауарлар – белгіленген талаптар сақтала отырып сәйкестендіру құралдары басылған және тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық құрамдасында өздері туралы анық мәліметтер (оның ішінде өздеріне басылған сәйкестендіру құралдары және (немесе) сәйкестендіру құралдарын қамтитын материалдық жеткізгіштер туралы мәліметтер) қамтылған тауарлар;

37) тарифтік жеңілдік – кедендік әкелу немесе кедендік әкету бажын төлеуден босату не оны төмендету;

38) тарифтік квота – тауардың белгілі бір санын (заттай немесе құндық мәнде) әкелу немесе әкету кезінде белгілі бір кезең ішінде кедендік әкелу немесе әкету бажының қолданыстағы мөлшерлемесімен салыстырғанда кедендік әкелу немесе әкету бажының неғұрлым төмен мөлшерлемесін қолдануды көздейтін, жекелеген тауар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді немесе Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді реттеу шарасы;

39) тарифтік преференция – Қазақстан Республикасынан шығатын және Қазақстан Республикасы еркін сауда аймағы туралы келісімдер жасасқан елдерге әкетілетін тауарларға, осындай келісімдердің ережелеріне сәйкес көрсетілген елдерден шығатын және Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарларға және Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушылардан – дамушы елдерден немесе неғұрлым төмен дамыған елдерден шығатын тауарларға қатысты кедендік баж мөлшерін азайту;

40) тауар – сатуға немесе айырбастауға арналған, айналымнан алынбаған кез келген еңбек өнімі;

40-1) тауардың шығу тегі туралы сертификат – тауарды шығарған ел, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесі туралы куәландыратын құжат;

40-2) тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар – уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен аттестатталған жеке тұлғалар;

41) Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторы – Тауарлардың ұлттық каталогын әзірлеуді, жүргізу мен жаңартуды қоса алғанда, тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесін әзірлеуді, әкімшілендіруді, қолдап отыруды және пайдаланушылық қолдауды және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

42) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдар – өздері реттейтін салаларда тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануын жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

43) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші орган – тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы мәселелері бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

44) тауарлар сыныбы – ұқсас функционалдық мақсаты бар тауарлар жиынтығы;

45) Ұлттық тауарлар каталогы – Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторы әзірлеген, өнімнің бірыңғай номенклатурасын қамтитын және Қазақстан Республикасында тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы процестерін жүзеге асыру кезінде тауарлар анықтамалығы ретінде пайдаланылуға міндетті, тауарлардың сипаттамаларын, сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының кодтарын және өзге де мәндерді қамтитын ақпараттық ресурс;

46) үшінші тарап – Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі болып табылмайтын шет мемлекет, шет мемлекеттер одағы;

47) фулфилмент орталығы – электрондық сауда саласында сатып алушы тауарға тапсырысты ресімдеген кезден бастап және осы тапсырыс сатып алушыға жеткізілген кезге дейінгі бүкіл операциялар кешенін орындайтын, оның ішінде: тауарларды қоймада сақтау, тапсырыстарды қабылдау және өңдеу, тапсырыстарды жасақтау және қаптау, сатып алушылардан төлемдер алу, тапсырыстарды жеткізу, тапсырыстардың кері қайтарылуын қабылдау сияқты функцияларды орындайтын логистикалық орталық;

48) халықаралық мамандандырылған көрме – бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

ресми болып табылатын немесе халықаралық шарттарға сәйкес халықаралық үкіметаралық ұйым ресми таныған;

екі және одан көп мемлекет көрмеге қатысушы болып табылатын;

көрменің ұзақтығы кемінде алты аптаны құрайтын және алты айдан аспайтын;

өнер туындыларының көрмесі және коммерциялық сипаттағы көрме болып табылмайтын;

көрменің басталу және аяқталу күні Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға әзірлеген және халықаралық мамандандырылған көрмені өткізу туралы халықаралық шарт ережелерінің орындалуын бақылау үшін құрылған халықаралық үкіметаралық ұйым бекітетін тіркеу дерекнамасында көрсетілген көрме;

49) халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушы – нәрселерді (экспонаттарды) халықаралық мамандандырылған көрмеге қоятын және халықаралық мамандандырылған көрмеде ұлттық секцияларда тиісті елдің атынан өкілдік ететін жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ халықаралық шарттың талаптарына сәйкес

қабылданатын, халықаралық мамандандырылған көрмені өткізудің ішкі қағидаларында айқындалған халықаралық ұйым не жеке немесе заңды тұлға;

50) халықаралық мамандандырылған көрменің аумағы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға әзірлеген және халықаралық мамандандырылған көрмені өткізу туралы халықаралық шарт ережелерінің орындалуын бақылау үшін құрылған халықаралық үкіметаралық ұйым бекітетін тіркеу дерекнамасында көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілетін жер учаскелері;

51) халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын көрмеден кейін пайдалану – халықаралық мамандандырылған көрменің объектілерін басқару (объектілерді пайдалану);

52) халықаралық мамандандырылған көрменің объектілері – халықаралық мамандандырылған көрменің аумағында орналасқан, оны өткізгеннен кейін қалған ғимараттар, сәулет объектілері, құрылысжайлар, инженерлік және көліктік инфрақұрылым мен өзге де объектілер;

53) ірі сауда объектісі – сауда алаңы екі мың шаршы метрден кем емес сауда объектісі;

54) ішкі сауда – жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағында тауарларды сатып алуды-сатуды жүзеге асыруға бағытталған кәсіпкерлік қызметі;

55) ішкі сауда субъектісі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ішкі сауданы жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

56) электрондық коммерция – электрондық саудадағы, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді сатудағы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет;

57) электрондық сауда – тауарларды өткізу жөніндегі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет;

58) электрондық сауда алаңы – электрондық саудаға қатысушыларды инфрақұрылыммен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, олардың арасында жұмыстар мен қызметтер көрсетуге арналған шарттар жасасуды қамтамасыз ететін интернет-ресурс;

59) электрондық саудаға қатысушылар – сатып алушы, сатушы және (немесе) электрондық сауда алаңы ретінде қатысатын жеке және заңды тұлғалар.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 346-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 96-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.01.2024 54-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Сауда қызметін реттеудің мақсаттары мен қағидаттары

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Сауда қызметін реттеудің мақсаттары:

- 1) халықтың тауарларға сұранысын қанағаттандыру және сауда инфрақұрылымын дамыту;
- 2) сауда қызметін көрсетуді және қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру;
- 3) Қазақстан Республикасында сауда қызметін дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесу;
- 4) Қазақстан Республикасының әлемдік сауда жүйесіне ықпалдасуы үшін жағдайлар жасау;
- 5) отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 6) мемлекет экономикасының орнықты дамуына жәрдемдесу;
- 7) азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 8) ішкі және сыртқы нарықтарда қазақстандық өндірушілер үшін кемсітпейтін жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Сауда қызметін реттеудің негізгі қағидаттары:

- 1) сауда қызметі субъектілері құқықтарының теңдігі;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдардың сауда қызметіне араласпауы;
- 3) еркін және адал кәсіпкерлікті қолдау;
- 4) алып тасталды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 5) сапалы сауда қызметін көрсетуді қамтамасыз ету;
- 6) сауда қызметі түрлерін еркін таңдау және оны сауда қызметі субъектілерінің жүзеге асыру мүмкіндігі;

7) сауда саясатының Қазақстан Республикасының мемлекеттік экономикалық саясатының құрамдас бөлігі ретіндегі бірлігі;

8) тұтынушылардың, сауда қызметі субъектілерінің және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін тең дәрежеде қорғауды қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу әдістерін қолданудың біртұтастығы;

10) сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу шараларын әзірлеу, қабылдау және қолдану кезіндегі жариялылық;

11) сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу шараларын қолданудың негізділігі, объективтілігі мен ашықтығы болып табылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 346-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында қолданыста болады және сауда қызметі субъектілеріне қолданылады.

2. Осы Заңның күші:

1) Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен реттелетін жекелеген тауарлар түрінің айналымы бойынша қатынастарға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының бұл заңнамалық актілерімен реттелмейтін бөлігінде осындай тауарлармен сауда қызметін жүзеге асыру осы Заңның нормаларымен реттеледі;

2) қаржы ұйымдарының қызметіне байланысты, сондай-ақ қаржы құралдарымен операциялар жасауға байланысты;

3) банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңы операторының қызметіне және банк және микроқаржы активтері сатылатын электрондық сауда алаңының жұмыс істеуіне байланысты қатынастарға қолданылмайды.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. Сауда қызметін мемлекеттік реттеу

Ескерту. 2-тарау жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен

5-бап. Сауда қызметін мемлекеттік реттеу нысандары мен әдістері

1. Сауда қызметін мемлекеттік реттеу нысандары:

1) сауда қызметін жүзеге асыру тәртібін айқындау;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасымен тұспа-тұс келетін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлардың өтуі шарттарын айқындау;

2-1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара сауданы жүзеге асыруы кезінде тауарларды өткізу шарттарын айқындау;

3) сауда қызметін дамытуды ынталандыру;

4) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау;

5) сертификаттау болып табылады.

2. Сауда қызметін мемлекеттік реттеу әдістері:

1) сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу;

2) сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарлардың сатылуын тоқтата тұру және (немесе) сатуға тыйым салу;

4) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақылық шаралар қолдану;

5) халықаралық экономикалық санкцияларға қатысу;

6) қарсы шараларды қолдану;

7) тыйым салулар мен шектеулердің ерекше түрлерін қолдану;

8) өтемақы шараларын қолдану;

9) ұлттық қауіпсіздік мүдделері негізге алына отырып енгізілетін шараларды қолдану болып табылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 4) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 5) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 9) шетелде Қазақстан Республикасының сауда өкілдіктерін ашуды жүзеге асырады;
- 10) сауда қызметі саласындағы үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды;
- 10-1) уәкілетті органның қорытындысы негізінде өтемақы шарасын қолдану туралы шешім қабылдайды;
- 11) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 11-1) алып тасталды – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 11-2) Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторын айқындайды;
- 11-3) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 12) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 13) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 14) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 14-1) қызметінің негізгі нысанасы Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ

халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын көрмеден кейін пайдалану болып табылатын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаны құрады;

14-2) алып тасталды – ҚР 25.12.2017 № 122-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

14-3) қарсы шаралар қолдану туралы шешім қабылдайды;

14-4) тыйым салулар мен шектеулердің ерекше түрлерін қолдану туралы шешім қабылдайды;

14-5) Қазақстан Республикасында өндірілетін, оған әкелінетін және (немесе) өткізілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төмен көтерме сауда бағасын белгілеу тәртібін бекітеді;

14-6) Экспорттық-кредиттік агенттікті және оның функцияларын айқындайды;

15) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2013 № 151-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.12.2017 № 122-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.01.2024 54-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) сауда қызметін реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

1-1) мемлекеттік сауда саясатын қалыптастырады және іске асырады;

1-2) Қазақстан Республикасының ішкі нарығын қорғау бойынша шаралар қолданады;

1-3) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының сауда шараларын қолдану мәселелері жөніндегі жұмысын үйлестіреді;

1-4) Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі – ДСҰ) жұмыс органдарымен және ДСҰ мүшелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

1-5) ДСҰ-ның Дауларды шешу органымен өзара іс-қимыл жасайды;

1-6) ДСҰ-ның жұмыс органдарымен және мүшелерімен өзара іс-қимыл жасау мәселелері жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

1-7) ДСҰ мәселелері жөніндегі ақпарат орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

2) сыртқы сауда қызметінің кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолданады;

2-1) әкелу немесе әкету кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесін, мөлшерлемелер көлемін және олардың қолданылу мерзімін, сондай-ақ қажет болған кезде оларды есептеу тәртібін бекітеді;

2-2) алып тасталды - ҚР 27.10.2015 № 364-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2-3) сыртқы сауда қызметін реттеудің кедендік-тарифтік, тарифтік емес, сауда және өтемақы шараларын қолдану, өзгерту немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстарды қарау тәртібін айқындайды;

2-4) таңбалануға жататын тауарлар тізбесін және оның енгізілетін күнін айқындайды;

3) сауда қызметін дамыту, сондай-ақ тауарларды өндіру және сату үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

4) сауда қызметін реттеу саласында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

4-1) ішкі сауда қағидаларын бекітеді;

4-2) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

4-3) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша көтерме-тарату орталықтарына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

5) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төмен нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

7-1) бөлшек саудадағы азық-түлік тауарларының табиғи кему нормаларын әзірлейді және бекітеді;

7-2) тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификат беру

және оның қолданысының күшін жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ тауарды шығарған елді айқындау жөніндегі сертификаттың нысандарын белгілейді;

7-3) тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру және оның қолданысының күшін жою жөніндегі қағидаларда көзделген тәртіппен, тауар әкелінетін елдің уәкілетті органдарының сұрау салулары негізінде тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды берудің негізділігін, оларда қамтылған мәліметтердің анықтығын және дайындаушылардың тауарларды шығарған елді айқындау өлшемшарттарын орындауын верификациялауды (тексеруді) жүзеге асырады ;

7-4) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, тауарларды шығарған елді растау мақсатында экспорттаушыларды тауар әкелінетін елдердің ақпараттық жүйелерінде тіркеудің негізділігін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асырады;

8) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізуге бастамашы болады, оларға қатысады және оларды ұйымдастырады;

10) халықаралық сауда-экономикалық ұйымдарымен және интеграциялық бірлестіктермен, шет мемлекеттермен, шет мемлекеттердің одақтарымен келіссөздерде Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан әрекет етеді;

10-1) сауда қызметі саласында үшінші тараппен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

10-2) Экспорттық-кредиттік агенттік қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыру шарттарын әзірлейді және оларды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

10-3) Экспорттық-кредиттік агенттік үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ резервтер қалыптастыру және олар бойынша актуарлық есеп-қисаптар жүргізу қағидаларын әзірлейді және оларды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекелеген тауарлардың экспортын және (немесе) импортын лицензиялауды жүзеге асырады;

12) тоқсан сайын тауардың шығу тегі туралы сертификат беруге уәкілеттік берілген ұйым интернет-ресурста орналастыратын, тауардың шығу тегі туралы берілген

сертификаттар жөніндегі ақпаратты талдау арқылы мониторинг жүргізуді, сондай-ақ уәкілетті органның (ұйымның) ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының және (немесе) шетел тауарының мәртебесін айқындау мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін айқындау мақсатында макроэкономикалық талдау жүргізеді;

14) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

14-1) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағалардың шекті мәндерін және оларға рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін белгілеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

15-1) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15-2) тарифтік жеңілдіктер беру қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ тарифтік жеңілдіктер берілетін тауарлар тізбесін бекітеді;

15-3) өтемақы шарасын қолданудың орындылығы туралы қорытынды дайындау мақсатында тергеп-тексеру жүргізеді;

15-4) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын талаптарды, оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданысын ұзарту тәртібін бекітеді;

15-5) Қазақстан Республикасында өндірілетін, оған әкелінетін және (немесе) өткізілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төмен көтерме сауда бағаларын Қазақстан Республикасында өндірілетін, оған әкелінетін және (немесе) өткізілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төмен көтерме бағаны белгілеу тәртібіне сәйкес бекітеді;

15-6) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін әзірлейді;

15-7) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізеді;

15-8) жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау үшін сауда саласындағы нысаналы индикаторларды есептеу әдістемесін бекітеді;

15-9) ақпараттық жүйеде тіркеу қағидаларын бекітеді;

15-10) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

15-11) өз құзыреті шегінде ішкі сауда субъектілеріне жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету тәртібін бекітеді және оларды көрсетеді;

16) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 130-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 397-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.01.2024 54-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-1-бап. Индустриялық саясатты реттеу саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Ескерту. 7-1-бап алынып тасталды - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-2-бап. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдар:

1) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесіне қойылатын функционалдық талаптарды әзірлейді және тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органмен келіседі;

2) өз құзыреті шегінде өздері айқындаған тәртіптерге сәйкес тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануын жүзеге асырады;

3) таңбалау мен қадағалануды енгізудің орындылығына талдау жасай отырып, жекелеген тауар топтарын таңбалау мен олардың қадағалануы жөніндегі пилоттық жобаның қорытындылары бойынша тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша уәкілетті органға таңбалауға және қадағалануға жататын тауарлардың тізбесіне қосу туралы ұсыныстар енгізеді.

4) таңбалауға және қадағалануға жататын тауарларға реттеушілік әсер етуге талдау жүргізеді;

5) таңбалауға және қадағалануға жататын тауарлардың айналымына қатысушылардың тізілімдерін жүргізеді;

6) өз құзыреті шегінде таңбалауға және қадағалануға жататын, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара саудадағы тауарлар айналымына мониторингті жүзеге асырады;

7) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша тауарларды таңбалауда қолданылатын бақылау (сәйкестендіру) белгісі, сәйкестендіру құралы құнының шекті мөлшерін айқындайды;

8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тарау 7-2-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-3-бап. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органның құзыреті

Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші орган:

1) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша олардың құзыреті шегінде тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесіне қойылатын талаптарды бекітеді;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тарау 7-3-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-4-бап. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторы

1. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторының құзыретіне:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесін әзірлеу, ендіру, әкімшілендіру, қолдап отыру және пайдаланушылық қолдау;

2) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде ақпараттық ресурстардың сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) сәйкестендіру құралдарын шығару және оларды есепке алу;

4) материалдық жеткізгішке сәйкестендіру құралдарын басып беру жөнінде қызметтер көрсету;

5) Ұлттық тауарлар каталогын әзірлеу, жүргізу және жаңалау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функциялар жатады

2. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторының тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы процестерін қамтамасыз ететін ресурстары, оның ішінде:

1) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін, сондай-ақ деректердің қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ететін деректерді өңдеу орталығы (орталықтары), деректерді беру желілері;

2) материалдық жеткізгішке сәйкестендіру құралдарын басып беру жөніндегі қызметтерді көрсету үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында аудандардың

әкімшілік орталықтары деңгейіне дейін филиалдары, өкілдіктері және (немесе) өзге де құрылымдық бөлімшелері;

3) өз инфрақұрылымына техникалық қызмет көрсету үшін білікті персоналы;

4) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы процестерін іске асыру бойынша ақпараттық жүйесі;

5) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесін пайдаланушыларға қызмет көрсету үшін байланыс-орталығы;

6) тауар өндірушілерге – Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалдау (жалға алу), лизинг және басқа да қаржы құралдары шарттарымен берілетін материалдық жеткізгішке сәйкестендіру құралдарын басуға арналған жабдығы болуға тиіс.

Ескерту. 2-тарау 7-4-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-5-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс органдарының құзыреті

1. Мемлекеттік кіріс органдары Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында:

1) көлік құралдарын, оның ішінде тауарлардың халықаралық тасымалдарын жүзеге асыратын көлік құралдарын тоқтатады;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы тауарларды өткізуді жүзеге асыратын тасымалдаушыдан немесе тұлғадан өткізілетін тауарларға қатысты қажетті ақпаратты, сондай-ақ құжаттар мен мәліметтерді сұратады және алады;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес фактілер мен оқиғаларды құжаттауды, бейне- және аудиожазуды, киноға- және фотоға түсіруді жүргізеді.

2. Салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган нысанды киім үлгілерін, онымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын және айырым белгілерін, оны киіп жүру тәртібін , сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киіп жүруге құқығы бар жұмыскерлердің тізбесін бекітеді.

3. Мемлекеттік кіріс органдары Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін жекелеген тауар түрлеріне қатысты тыйымдар мен шектеулердің сақталуын бақылауды салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тарау 7-5-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары:

- 1) сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 2) өз құзыреті шегінде ішкі сауда субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асырады ;
- 3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар әзірлейді;
- 4) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 5) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативіне қол жеткізу жөнінде шаралар әзірлейді және іске асырады;
- 6) көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруды жүзеге асырады;
- 7) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 7-1) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 7-2) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 8) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-баптың екінші бөлігін алып тастау көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

- 1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін;
- 2) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекітеді.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Ішкі сауда саласында баға белгілеу

Ескерту. 9-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайды және тауар берушінің талап етуі бойынша тараптардың келісімімен шекті сауда үстемесінің мөлшері белгіленетін азық-түлік тауарларын беру шарты жасалатын жағдайларды қоспағанда, ішкі сауда субъектілері тауар бағаларын өз бетінше айқындайды.

Тауар бағасы Қазақстан Республикасының аумағында жария шарт жағдайларында оны өткізу кезінде теңгемен көрсетіледі.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын беру шарттарын жасасу кезінде шекті сауда үстемесінің мөлшері міндетті түрде белгіленуге тиіс. Осы талап бұзылып жасалған мәміле жарамсыз болады.

Ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын беру шартында көрсетілген, өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда арқылы берушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілейді.

Ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауары бірнеше өндірушіден немесе көтерме сауда арқылы берушіден болған жағдайда, неғұрлым төмен құны бар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын беру шартында көрсетілген, өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда арқылы берушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақты алып тастау көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері артқан жағдайда, жергілікті атқарушы орган ішкі сауда субъектілерімен консультациялар өткізгеннен кейін күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында оларға рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін белгілеуге құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес белгіленетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерлерін арттырған кезде ішкі сауда субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.01.2019 № 215-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 346-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. Ішкі сауда

10-бап. Ішкі сауда объектілері және түрлері

1. Сауда объектілері мен қоғамдық тамақтандыру объектілері ішкі сауда объектілеріне жатады.

2. Стационарлық сауда объектілері:

сауда, әкімшілік-тұрмыстық, қойма үй-жайларымен және өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарын қою үшін алаңмен қамтамасыз етілген, азық-түлік, азық-түлік емес тауарларын өткізетін, сауда алаңы он мың шаршы метрден асатын сауда объектілерін, сондай-ақ қоғамдық тамақтандыру объектілерін және өзге де объектілерді қамтитын 1-санатты;

сауда, әкімшілік-тұрмыстық, қойма үй-жайларымен және өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарын қою үшін алаңмен қамтамасыз етілген, азық-түлік, азық-түлік емес тауарларды өткізуге мамандандырылған, сауда алаңы екі мың шаршы метрден он мың шаршы метрге дейінгі сауда объектілерін, сондай-ақ қоғамдық тамақтандыру объектілерін және өзге де объектілерді қамтитын 2-санатты;

сауда, қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық үй-жайларымен, азық-түлік, азық-түлік емес тауарларын қабылдау, сақтау және сатуға дайындау үшін үй-жайлармен қамтамасыз етілген, сауда алаңы бес жүз шаршы метрден екі мың шаршы метрге дейінгі сауда объектілерін, қоғамдық тамақтандыру объектілерін (олар болған кезде) және өзге де объектілерді (олар болған кезде) қамтитын 3-санатты;

сауда, қосалқы үй-жайларымен, азық-түлік, азық-түлік емес тауарларын қабылдау, сақтау және сатуға дайындау үшін үй-жайлармен қамтамасыз етілген, сауда алаңы бір жүз шаршы метрден бес жүз шаршы метрге дейінгі сауда объектілерін, қоғамдық тамақтандыру объектілерін (олар болған кезде) және өзге де объектілерді (олар болған кезде) қамтитын 4-санатты;

сауда үй-жайларымен, азық-түлік, азық-түлік емес тауарларын қабылдау, сақтау және сатуға дайындау үшін үй-жайлармен қамтамасыз етілген, сауда алаңы бір жүз шаршы метрден аз сауда объектілерін, қоғамдық тамақтандыру объектілерін (олар болған кезде) және өзге де объектілерді (олар болған кезде) қамтитын 5-санатты сауда объектілері болып бөлінеді.

Стационарлық сауда объектілерінің түрлерін және оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган бекітеді.

2-1. Стационарлық емес сауда объектілері мыналарға бөлінеді:

- 1) автомат – тауарларды сатуға арналған автоматтандырылған құрылғы;
- 2) жылжымалы сөре – арнайы бөлінген орынға орналастырылатын сауда орнын білдіретін тасымалды уақытша құрылыс (конструкция);
- 3) автодүкен – сауда жабдықтарымен жарақталған мамандандырылған автокөлік құралы;
- 4) шатыр (павильон) – бір немесе бірнеше сауда орындары үшін сауда жабдықтарымен жарақталған, сауда қоры үшін алаңы бар және арнайы белгіленген орынға орналастырылатын құрастырмалы-жинамалы конструкциядан жеңіл құрылатын құрылыс;
- 5) дүңгіршек – бір немесе бірнеше сауда орындарына есептелген, азық-түлік тауарларын сақтауға арналған сауда залы және үй-жайлары жоқ, сауда жабдықтарымен жарақталған күрделі емес тасымалды құрылыс.

Тауарларды автодүкендер арқылы өткізген кезде мамандандырылған көлік құралы техникалық тұрғыдан жарамды болуға тиіс.

2-2. Сауда базарлары өткізетін тауарларына байланысты:

- 1) әмбебап;
- 2) мамандандырылған болып бөлінеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-3-тармағының қолданысы 01.01.2023 – 31.12.2025 аралығында тоқтатыла тұрады – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII Заңымен.

2-3. Әмбебап сауда базары сауда орындары әртүрлі топтағы тауарларды сатуды жүзеге асыруға арналған сауда базары болып табылады:

астананың, республикалық маңызы бар қаланың аумағындағы сауда базары, автодүкендерді қоспағанда, ішінде стационарлық емес сауда объектілері орналасуы мүмкін бір және одан да көп стационарлық сауда объектілерінен тұрады;

облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің немесе ауылдың аумағындағы сауда базары стационарлық және (немесе) стационарлық емес сауда объектілерінен тұрады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-бапты 2-4-тармақпен толықтыру көзделген - ҚР 27.10.2015 № 364-V Заңымен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-5. Мамандандырылған сауда базары сауда базарының жалпы санынан олардың жетпіс және одан да көп пайызы бір топтағы тауарларды сатуды жүзеге асыруға арналған сауда базары болып табылады.

Мамандандырылған сауда базары стационарлық және (немесе) стационарлық емес сауда объектілерін білдіреді.

2-6. Сауда базарлары:

1) сауда орындары орналастыру схемасына сәйкес жабдықталуға, әкімшілік-тұрмыстық, қойма үй-жайларымен және жалпы пайдаланатын орындармен жабдықталуға;

2) шолуға арналған қолжетімді орындармен жабдықталуға тиіс, онда:

сауда базарындағы сауда орындарын орналастыру схемасын қамтитын ақпарат;

авариялық немесе төтенше жағдайлар туындаған кезде эвакуациялау схемасы;

сауда орындарын жалға беру (пайдалану) тәртібі туралы және шарттары туралы ақпарат;

бос сауда орындарының болуы-болмауы туралы ақпарат;

сауда орындарын жалға беру (пайдалану) жөніндегі келіссөздерді жүргізуге уәкілетті тұлғаның байланыс (телефон нөмірі және (немесе) электрондық мекенжайы) деректері;

Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасында көзделген ақпарат орналастырылады.

2-7. Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес қызметінің негізгі түрі ірі сауда объектілеріндегі, сондай-ақ сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беру, мұндай объектілердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және олардың жұмысын ұйымдастыру болып табылатын дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар:

1) ішкі сауда субъектілері мен олардың әкімшілігінің жұмыскерлері үшін ірі сауда объектісінің, сауда базарының жұмыс режимін қамтитын жұмыс регламентін бекітеді;

2) ішкі сауда субъектілеріне сауда объектілері мен сауда инфрақұрылымына тең қолжетімділік береді;

3) ішкі сауда субъектілеріне ірі сауда объектілері, сауда базарлары беретін қосымша көрсетілетін қызметтердің тізбесін (бар болса) бекітеді;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) сауда объектілеріндегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына жол берілетін шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін ішкі сауда субъектілерінің (әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізетін) назарына жеткізеді;

5) ақпараттық жүйеде тіркеледі, оған қол жеткізе алады және өз қызметін ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырады;

6) ақпараттық жүйеде жалға алу шарттарын жасасады немесе оларға өзгерістер енгізеді;

7) сауда инфрақұрылымын құрады және жаңғыртады;

8) ірі сауда объектісінің, сауда базарының аумағындағы көтерме және бөлшек саудада сату аймағының аражігін ажыратады;

9) аумақтарында техникалық жағдайлар болған кезде сауда базарларында автодүкендерден сауданы ұйымдастырады;

10) сауда орнын жалға алғаны (пайдаланғаны) үшін төлемді ақпараттық жүйе арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен не екінші деңгейдегі банктер арқылы төлеуге шот жазып беру жолымен қабылдауды қамтамасыз етеді.

2-8. Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын, сауда базарының аумағын күтіп-ұстауға, жабдыкталуына және жарактандырылуына қойылатын талаптарды сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітеді;

3. Қоғамдық тамақтандыру объектілері мынадай санаттарға бөлінеді:

1) ресторан - тұтынушыларға міндетті түрде даяшылар қызмет көрсететін, тапсырыстық және фирмалық тағамдарды қоса алғанда, дайындалуы күрделі ас мәзірінің түр-түрін, сондай-ақ алкоголь өнімдерін ұсынатын қоғамдық тамақтандыру және демалыс объектісі;

2) кафе - тұтынушыларға міндетті түрде даяшылар қызмет көрсететін, дайындалуы күрделі емес ас мәзірінің түр-түрін, сондай-ақ, алкоголь өнімдерін ұсынатын қоғамдық тамақтандыру және демалыс объектісі;

3) бар - тұтынушыларға тіске басар, десерт және кондитерлік тағамдар, сондай-ақ алкоголь өнімдерін ұсынатын қоғамдық тамақтандыру және демалыс объектісі;

4) асхана - тұтынушылар өз-өздеріне қызмет көрсететін қоғамдық тамақтандыру объектісі.

4. Сауда объектісінің мамандандырылуын оның меншік иесі айқындайды.

5. Ішкі сауда түрлеріне көтерме және бөлшек сауда, қоғамдық тамақтандыру және сауданың осы Заңмен белгіленген өзге де түрлері жатады.

6. Көтерме, бөлшек сауданы және қоғамдық тамақтандыруды жүзеге асыруға, сондай-ақ ішкі сауда объектілеріне қойылатын тәртіптер мен талаптар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 364-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 25.06.2020 № 346 -VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

11-бап. Көтерме сауда

1. Көтерме сауда стационарлық сауда объектілерінде және сауда базарларында жүзеге асырылады.

2. Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде ішкі сауда субъектілері Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің және нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауды, сондай-ақ тауарларды тасымалдауға, сақтау мен сатуға қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Бөлшек сауда

1. Бөлшек сауда стационарлық, стационарлық емес сауда объектілері және сауда базарлары арқылы жүзеге асырылады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе шартта өзгеше белгіленбесе не тауардың табиғатынан туындамайтын болса, бөлшек сауда кезінде тауардың әр бірлігі оралуға, өлшеніп-буылуға тиіс.

3. Тауарларды сатылатын орындарында көрмеге қою, олардың үлгілерін көрсету немесе сатылатын тауарлар туралы мәліметтер беру (сипаттау, каталогтар, фотосуреттер және тағы сол сияқты), сатушы тиісті тауарлардың сатуға арналмағанын нақты анықтаған жағдайларды қоспағанда, оның бағасының көрсетілгеніне және сатып алу-сату шарттарының басқа да маңызды жағдайларына қарамастан, жария оферта болып танылады.

4. Маркетинг желісі, қоғамдық таратушылар, почта және басқа да тәсілдер бойынша сату арқылы сауда орнынан тыс бөлшек сауда уәкілетті орган айқындаған тәртіппен реттеледі.

5. Бөлшек сауданы жергілікті атқарушы органдар белгілеген орыннан тыс жүзеге асыруға тыйым салынады.

6. Жаппай сату және арзандатылған тауарды өткізу тәртібі ішкі сауда қағидаларында белгіленеді.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.04.2016 № 504-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Қоғамдық тамақтандыру

1. Қоғамдық тамақтандыру объектілері өз өнімдерін, сондай-ақ басқа да азық-түлік тауарларын өндіруді, өңдеуді, өткізуді және тұтынуды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

2. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінде келушілерге дастархан мәзірін ұсыну мәзірде көрсетілген қоғамдық тамақтандыру тауарларын бөлшек сатып алу-сату шартын жасауға ұсыныс (жария оферта) болып танылады.

3. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметін жүзеге асыруға қойылатын жалпы талаптар Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Ішкі саудадағы сатып алу-сату шарты

Ескерту. 14-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Сатып алу-сату шартын жасау тәртібі мен талаптары, сондай-ақ сатушылар мен сатып алушылардың құқықтары мен міндеттері осы Заңда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және өзге де заң актілеріне сәйкес айқындалады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде қандай да бір тауарды сату кезінде тұтынушының жасына қарай шектеу белгіленсе, егер ол өзінің жасын растайтын құжатын көрсетпесе, онда сатушы тауар сатудан бас тартуға міндетті.

3. Тауарларды көтерме сатып алу-сату шарты тауар беру шартының бір түрі болып табылып, онда ішкі сауда субъектілері тауарларды сауда объектілерінен өткізеді.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-1-тарау. Ішкі сауданы дамытуға жәрдемдесу

Ескерту. Заң 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-1-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының сауда қызметін қолдауы

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының сауда қызметін қолдауы мынадай іс-шараларды іске асыру арқылы жүзеге асырылады:

1) сауда инфрақұрылымын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

2) сауда қызметкерлерін кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту және жетілдіру, кәсіби негізде еңбек нарығын қалыптастыру;

3) ішкі сауда субъектілерін, оның ішінде отандық өндірістің азық-түлік тауарлары саудасын жүзеге асыратындарды экономикалық ынталандыру шараларын қолдану;

4) электрондық сауданы дамыту;

5) шекара маңындағы сауданы дамыту;

6) отандық сауда желілерін дамыту;

7) ішкі сауда субъектілерінің іскерлік белсенділігін сауда қызметі саласында көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастыру және өткізу арқылы ынталандыру.

2. Ішкі сауданы дамытуға бағытталған іс-шаралар уәкілетті орган бекіткен халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері ескеріле отырып әзірленеді

Ескерту. 14-1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-2-бап. Халықты сауда алаңдарымен қамтамасыз етуді нормалау

1. Уәкілетті орган бекіткен халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері өңірлердің аумақтарының қала құрылысы жоспарларының (аудандық жоспарлау жобасы), елді мекендердің бас жоспарларының кешендік схемаларын әзірлеу кезінде ескерілуге тиіс.

2. Уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін әзірлейді.

3. Халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін әзірлеу кезінде елді мекендердің санаттары, елді мекендегі халықтың құрылымы мен тығыздығы ескерілуге тиіс.

Ескерту. 14-2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-3-бап. Ішкі сауда субъектілерін мемлекеттік қолдау

Ішкі сауда субъектілері Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын пайдалануға құқылы.

Ескерту. 3-1-тарау 14-3-баппен толықтырылды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тарау. Сыртқы сауда қызметі

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен .

15-бап. Сыртқы сауда қызметін дамыту жөніндегі мемлекеттік шаралар

Ескерту. 15-бап алынып тасталды - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-1-бап. Экспортты дамыту және ілгерілету жөніндегі ұлттық ұйымның мақсаттары мен міндеті

Ескерту. 15-1-бап алынып тасталды - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу

1. Сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу шараларына мыналарды:

- 1) кедендік баждарды;
- 2) тарифтік жеңілдіктерді;
- 3) тарифтік преференцияларды;
- 4) тарифтік квоталарды қолдану жатады.

2. Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу шараларын қолдану мақсаттары үшін қажетті, оның ішінде құпия ақпаратты қамтитын мәліметтерді береді.

Егер бірлескен актілерді қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, ақпарат осындай нормативтік құқықтық актілерде айқындалатын тәртіппен беріледі.

3. Еуразиялық экономикалық комиссияның актілерінде және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, әкелу кезінде тауарлардың нысаналы мақсатына растама берілуі қажет болатын жекелеген тауар түрлеріне қатысты кедендік-тарифтік реттеу шараларын қолдану мақсатында уәкілетті орган немесе өзге де мемлекеттік органдар тауардың нысаналы мақсатына растама береді.

Тауарлардың нысаналы мақсатын растауды уәкілетті орган немесе уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдар айқындайтын тәртіпке сәйкес және нысан бойынша өз құзыреті шегінде уәкілетті орган немесе мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді –

ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-1-бап. Тарифтік квоталар

1. Қазақстан Республикасында тауарларды өндіру және тұтыну құрылымында прогрессивтік өзгерістер үшін жағдай жасау және отандық және шетелдік тауарлардың ұтымды арақатынасын сақтау мақсатында уәкілетті орган:

1) тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуге немесе әкетуге арналған тарифтік квоталарды белгілейді;

2) бөлу әдісін, тәртібін, көлемін және олардың қолданылу мерзімін айқындайды.

Уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар тарифтік квотаны бөлу тәртібіне сәйкес, өз құзыреті шегінде сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында тарифтік квоталарды бөледі.

2. Әкелуіне немесе әкетуіне қатысты тарифтік квоталар қолданылатын тауарларға кедендік баждардың квотаішілік мөлшерлемелерін және квотадан тыс мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

3. Тарифтік квоталар шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу немесе әкету экспортқа және (немесе) импортқа уәкілетті орган беретін лицензиялар негізінде жүзеге асырылады.

Экспортқа және (немесе) импортқа лицензиялар беру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Еуразиялық экономикалық комиссия актілеріне сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 16-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-2-бап. Тарифтік жеңілдіктер

1. Тарифтік жеңілдіктер мынадай:

1) әкелінетін (әкелінген) тауарларға тарифтік жеңілдіктер беру Еуразиялық экономикалық комиссияның актілерінде айқындалған;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген;

3) акцизделетін тауарлардан (арнайы медициналық мақсаттарға арналған жеңіл автомобильдерді қоспағанда) басқа тауарлар үшінші тарап, халықаралық ұйымдар, үкіметтер желісі арқылы қайырымдылық мақсаттарда өтеусіз көмек (жәрдем), техникалық көмек (жәрдем) ретінде әкелінетін (әкелінген);

4) Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде үшінші тараппен жасалған халықаралық шарттарында белгіленген жағдайларда беріледі.

2. Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарларға қатысты тарифтік жеңілдік беру туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

3. Орталық мемлекеттік органдардың және сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың тарифтік жеңілдік беру туралы ұсыныстары осы Заңның 7-бабының 2-3) тармақшасында белгіленген тәртіппен енгізіледі.

4. Әкелінетін тауарларға қатысты тарифтік жеңілдіктер жеке-дара сипатта болмайды және тауарлардың шығарылған еліне қарамастан, ал әкетілетін тауарларға қатысты – сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға қарамастан қолданылады.

Ескерту. 4-тарау 16-2-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-3-бап. Тарифтік преференциялар

1. Сауданы дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ еркін сауда аймағы туралы жасалған шарттар шеңберінде қабылданған міндеттемелерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасымен бірге еркін сауда аймағын құратын мемлекеттерден шығатын тауарлар еркін сауда аймағы туралы келісімдердің шарттарына қарай кедендік баждар салудан босатылады не мұндай тауарларға қатысты кедендік баждардың төмендетілген мөлшерлемелері қолданылады.

Қазақстан Республикасынан шығатын және Қазақстан Республикасымен бірге еркін сауда аймағын құратын мемлекеттерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін тауарлар еркін сауда аймағы туралы келісімдердің шарттарына қарай, егер мұндай босату не кедендік баждардың мөлшерлемелерін төмендету еркін сауда аймағы туралы келісімде көзделсе, кедендік баждар салудан босатылады не мұндай тауарларға қатысты кедендік баждардың төмендетілген мөлшерлемелері қолданылады.

2. Тарифтік преференциялар жүйесін пайдаланатын дамушы мемлекеттерден және неғұрлым төмен дамыған мемлекеттерден шығатын тауарлар саудасын ынталандыру мақсатында дамушы мемлекеттерден және неғұрлым төмен дамыған мемлекеттерден шығатын және әкелінетін тауарларға қатысты кедендік баждардың төмендетілген немесе нөлдік мөлшерлемелері қолданылады. Тауарлар мен елдердің тізбесін Еуразиялық экономикалық комиссия бекітеді.

3. Тарифтік преференциялар жүйесін пайдаланатын дамушы және неғұрлым төмен дамыған елдерден шығатын тауарларға қатысты қолданылатын кедендік әкелу баждары мөлшерлемелерінің мөлшерлерін Еуразиялық экономикалық комиссия айқындайды.

Ескерту. 4-тарау 16-3-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17-бап. Сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу

1. Сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу шараларына:

- 1) тыйым салу;
- 2) сан жағынан шектеулер;
- 3) рұқсат беру тәртібі
- 4) айрықша құқық;
- 5) автоматты түрде лицензиялау (байқау) жатады.

2. Жекелеген тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шараларын уәкілетті орган, сондай-ақ өз құзыреті шегінде орталық мемлекеттік органдар уәкілетті органмен келісу бойынша, уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес енгізеді.

Экспорты және (немесе) импорты осы баптың 1-тармағында белгіленген шараларға сәйкес рұқсат беру құжаттарының негізінде жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесін орталық мемлекеттік органдар уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде айқындайды.

3. Уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде сыртқы сауда қызметіне тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсаттары үшін қажетті, оның ішінде құпия ақпаратты қамтитын мәліметтерді береді.

Егер бірлескен актілерді қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, ақпарат осындай актілерде айқындалатын тәртіппен беріледі.

4. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының негізінде экономикалық салдарларды жою үшін қажетті мерзімге енгізілетін шараларды қоспағанда, тарифтік емес реттеу шаралары олар енгізілген күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімге енгізіледі.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Тыйым салулар және сан жағынан шектеулер

1. Тыйым салулар және сан жағынан шектеулер:

- 1) қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау;
- 2) адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау;
- 3) алтынның немесе күмістің экспортын және (немесе) импортын реттеу;
- 4) мәдени құндылықтар мен мәдени мұраны қорғау;
- 5) орны толмайтын табиғи ресурстардың ішкі өндірілуі мен тұтынылуын бір мезгілде шектей отырып, олардың сарқылуын болғызбау;
- 6) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 7) халықаралық міндеттемелерді орындау;

8) жүзеге асырылатын тұрақтандыру жөніндегі шаралардың нәтижесінде осындай материалдарға ішкі баға әлемдік бағадан анағұрлым төмен деңгейде ұсталатын кезеңдер ішінде ішкі өңдеу өнеркәсібін отандық тауарлардың жеткілікті санымен қамтамасыз ету үшін осындай тауарлардың экспортын шектеу;

9) тауарлардың жалпы немесе жергілікті тапшылығы кезінде оларды сатып алу немесе бөлу;

10) Қазақстан Республикасында тауарларды өндіру және тұтыну құрылымында прогресшіл өзгерістерге жағдай жасау;

11) Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын қолдануға, зияткерлік меншікті қорғауға қатысты халықаралық міндеттемелерге сәйкес келетін нормативтік құқықтық актілердің және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету қажеттігі негізге алына отырып енгізіледі.

2. Елеулі маңызы бар тауарлар тізбесіне енгізілген азық-түлік тауарларының немесе өзге де тауарлардың ішкі нарықта айқын жетіспеушілігін болғызбау немесе азайту үшін орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде уәкілетті органмен келісу бойынша жекелеген тауарларды әкетуге тыйым салуды және оны сан жағынан шектеулерді енгізе алады.

Елеулі маңызы бар тауарлар тізбесін уәкілетті орган орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде айқындайды.

3. Тиісті орталық мемлекеттік органдар жекелеген тауарларды әкетуді және (немесе) әкелуді сан жағынан шектеулерді (квоталарды) сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлуді, квоталар мөлшерін және олардың қолданылу мерзімін уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде айқындайды.

Квоталарды бөлу тәртібін орталық мемлекеттік органдар уәкілетті органмен келісу бойынша, өз құзыреті шегінде айқындайды.

Квоталар шеңберінде жекелеген тауарларды әкету және (немесе) әкелу "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18-1-бап. Рұқсат беру тәртібі

1. Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат беру тәртібі рұқсат беру құжаттарын беру жолымен сыртқы сауда қызметін лицензиялауды енгізу немесе өзге де әкімшілік реттеу шараларын қолдану арқылы іске асырылады.

2. Рұқсат беру тәртібін уәкілетті орган немесе орталық мемлекеттік органдар уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде енгізеді және оның күшін жояды.

Ескерту. 18-1-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-2-бап. Қарсы шаралар

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін тиімді қорғау мақсатында орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде қарсы шараларды, егер үшінші тарап немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет:

1) халықаралық шарттар бойынша Қазақстан Республикасына қатысты қабылдаған міндеттемелерді орындамаса;

2) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін бұзатын шараларды, оның ішінде қазақстандық тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің, капиталдың, жұмыс күшінің) үшінші тарап немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет нарығына кіруін негізсіз жабатын (шектейтін) не оларды өзгеше түрде негізсіз кемсітетін шараларды қабылдаса, енгізеді.

Ескерту. 4-тарау 18-2-баппен толықтырылды - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-3 бап. Тыйым салулардың және шектеулердің ерекше түрлері

1. Сыртқы сауда қызметі қабылдануы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес халықаралық санкцияларға қатысу үшін қажетті шаралармен, оның ішінде осы Заңның 18-бабының ережелерінен алшақ шаралармен шектелуі мүмкін.

2. Сыртқы қаржылық жағдайды қорғау және төлемдік теңгерімнің тепе-теңдігін қолдау мақсатында сыртқы сауда қызметін шектеу шаралары, оның ішінде осы Заңның 18-бабының ережелерінен алшақ шаралар енгізілуі мүмкін.

Ескерту. 4-тарау 18-3-баппен толықтырылды - ҚР 27.10.2015 № 364-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18-4-бап. Ұлттық қауіпсіздік мүдделері негізге алына отырып енгізілетін шаралар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті органның ұсынысы бойынша ұлттық қауіпсіздік мүдделерін сақтау мақсатында осы Заңның 16 – 21-баптарында көзделген шараларды енгізуге құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шаралар тауарлар импортының ұлттық қауіпсіздікке әсерін айқындау жөнінде уәкілетті орган жүргізген талдау нәтижелері бойынша енгізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, ұлттық қауіпсіздік мүдделері негізге алына отырып енгізілетін шараларды енгізу кезінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 18-4-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-5-бап. Сараптама ұйымы және тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар

1. Сараптама ұйымы экспортқа және кері экспортқа тауардың шығу тегі туралы сараптамалардың актілерін қоспағанда, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар жасаған, тауардың шығу тегі, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау туралы сараптама актілерін куәландырады және береді.

2. Тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар уәкілетті органда аттестаттаудан өтеді және олар өз қызметін бір сараптама ұйымының құрамында жүзеге асырады.

3. Тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар өтінімде және өтінім беруші ұсынған құжаттарда қамтылған мәліметтерде жалған және (немесе) анық емес фактілер анықталған кезде тауардың шығу тегі туралы сараптама актілерін жасаудан, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындаудан бас тартуға міндетті.

4. Тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар мен сараптама ұйымдары тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ескерту. 18-5-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық экономикалық санкцияларға қатысуы

Ескерту. 19-бап алып тасталды - ҚР 27.10.2015 № 364-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20-бап. Айрықша құқық

Ескерту. 20-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық лицензиялау негізінде жүзеге асырылады.

2. Экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық берілген тауарлар тізбесін, сондай-ақ айрықша құқық берілген сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың тізбесін тиісті орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Алып тасталды - ҚР 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Айрықша лицензияны беруді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Автоматты түрде лицензиялау (байқау)

1. Автоматты түрде лицензиялау (байқау) жекелеген тауар түрлерінің экспорты және (немесе) импорты динамикасын мониторингтеу мақсатында қолданылады және рұқсаттар беру арқылы іске асырылады.

2. Рұқсат алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға электрондық өтініш ұсынады.

3. Рұқсат өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде беріледі.

4. Рұқсаттар барлық өтініш иелеріне шектеусіз беріледі.

5. Рұқсаттың қолданылу мерзімі рұқсат берілген күнтізбелік жылмен шектеледі.

6. Берілген рұқсатқа өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

7. Берілген рұқсат басқа өтініш иелеріне қайта ресімделуге жатпайды.

8. Алып тасталды – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Сауда шаралары және қауіпсіздік пайымдаулары бойынша шаралар

Ескерту. 22-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Үшінші тараптан келетін тауарлардың импортына қатысты сауда шараларын қолдану алдында тергеп-тексерулер жүргізу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ осындай шараны қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы заңнамасында айқындалады.

2. Үшінші тараптың Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты сауда шараларын және қауіпсіздік пайымдаулары бойынша шараларды қолдануы алдында тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Мемлекеттік органдардан және ұйымдардан алынған, оның ішінде құпия ақпаратты осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген тергеп-тексерулер шеңберінде үшінші тараптың құзыретті органдарына беруді уәкілетті орган, оны үшінші тараптың заңнамасында айқындалған тиісті ақпараттық жүйеге жүктеу арқылы беру жағдайларын қоспағанда, сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-1-бап. Өтемақы шаралары

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге қатысты өтеу шарасын қолданудың орындылығы туралы қорытынды дайындау мақсатында тергеп-тексеру жүргізудің шарттары мен тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

2. Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өтемақы шарасын қолдануы алдында тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Мемлекеттік органдардан және ұйымдардан алынған, оның ішінде құпия ақпаратты осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген тергеп-тексерулер шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің құзыретті органдарына беруді уәкілетті орган сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тарау 22-1-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-2-бап. Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелік жағдайларындағы міндеттемелері шеңберінде мемлекеттік реттеу шараларын қолданудың бүкпесіздігін қамтамасыз ету

1. ДСҰ құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттамада айқындалған Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелік шеңберіндегі міндеттемелерін орындау мақсатында мемлекеттік органдар және

акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілері осы Заңның 22-3-бабында белгіленген тәртіпке сәйкес, қолданылатын мемлекеттік реттеу шараларының және Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелік шеңберіндегі міндеттемелерін қозғайтын өзге де шаралардың бүкпесіздігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік реттеу шараларын қолданудың бүкпесіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік реттеу шараларының бүкпесіздігі мына құралдарды қолдану:

- 1) құқықтық актілер мен олардың жобаларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жариялау;
- 2) хабарламалар (нотификациялар) жіберу;
- 3) ДСҰ мәселелері жөніндегі ақпарат орталығының жұмысын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тарау 22-2-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22-3-бап. Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл

Қазақстан Республикасының ДСҰ шеңберіндегі міндеттемелерін қозғайтын мәселелер бойынша ДСҰ-ның жұмыс және консультативтік органдарымен, сондай-ақ ДСҰ-ның мүшелелерімен өзара іс-қимылды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Берілуі Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігіне байланысты жүзеге асырылатын, оның ішінде мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде берген ақпаратты, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес ДСҰ-ның жұмыс және консультативтік органдарына жібереді.

Уәкілетті органның мемлекеттік органдармен және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерімен Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасасу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 4-тарау 22-3-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-4-бап. Гуманитарлық көмек көрсету шеңберіндегі сыртқы сауда қызметін реттеу

Гуманитарлық көмекті және (немесе) дүлей зілзалалардың, авариялардың немесе апаттардың салдарларын жою мақсатында көрсетілетін көмекті беру (алу) шеңберінде тауарларды әкету және (немесе) әкелу кедендік-тарифтік, тарифтік емес және сауда шаралары қолданылмай жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тарау 22-4-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22-5-бап. Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл

1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының Еуразиялық экономикалық комиссиямен Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа қатысу мәселелері бойынша өзара іс-қимылын үйлестіруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

Еуразиялық экономикалық одаққа қатысу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанымын қалыптастыру, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия департаменттері директорларының және директорлары орынбасарларының бос лауазымдарына орналасуға кандидаттарды біліктілік іріктеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық комиссия қызметкерлерінің бос лауазымдарына орналасуға кандидаттарды біліктілікті іріктеу уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген кандидаттарға қатысты "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мемлекеттік қызметшілерді іссапарға жіберу бөлігіндегі нормалары қолданылмайды.

3. Берілуі Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелігіне байланысты жүзеге асырылатын, оның ішінде мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде берген ақпаратты, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларына

сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияның жұмыс және консультативтік органдарына жібереді.

Ескерту. 4-тарау 22-5-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2020 № 397-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-6-бап. Экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі және оның Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасауы

1. Экспорттық-кредиттік агенттік экспорттық кредиттерді, инвестицияларды, отандық экспорттаушыларға және отандық шикізаттық емес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) шетелдік сатып алушыларға кредит (қарыздар) беруге байланысты мәмілелерді, олардың пайдасына берілген кепілдіктер мен кепілгерліктерді қаржы ұйымдарының тиісті залалдарынан, өзге де қаржылық залалдардан және тиісті азаматтық-құқықтық жауаптылықтан ерікті сақтандыруды, сондай-ақ оларды тиісті лицензиясыз қайта сақтандыруды және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Экспорттық-кредиттік агенттіктің қаржылық орнықтылығы параметрлерін сақтау мақсатында сақтандыру міндеттемесі мен кепілдік міндеттеменің портфелі сақтандыру міндеттемесі мен кепілдік міндеттеменің жиынтық сыйымдылығынан аспауға тиіс.

Экспорттық-кредиттік агенттіктің сақтандыру және кепілдік міндеттемелерінің жиынтық сыйымдылығы:

- 1) меншікті капиталдың;
- 2) экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктердің жиынтық мөлшерінің сомасына тең.

Сақтандыру міндеттемесі мен кепілдік міндеттеме портфелінің мөлшерін сақтандыру міндеттемесі мен кепілдік міндеттеменің жиынтық сыйымдылығынан асыруға жол бермеу үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес Экспорттық-кредиттік агенттіктің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылданады.

3. Экспорттық-кредиттік агенттік "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын орталық уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізеді және қаржылық есептілікті жасайды.

4. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, сақтандыру топтарын пруденциалдық реттеу, басшы қызметкерлерді келісу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің, сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасудың, еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға, ірі қатысушы, сақтандыру холдингі мәртебесін алуға, заңды тұлғалардың, оның ішінде

бейрезиденттердің капиталына елеулі қатысуға рұқсат берудің (кері қайтарып алудың) тәртібіне, сондай-ақ сақтандыру портфелін беру, тарату тәртібіне қойылатын сақтандыру резервтерін қалыптастыру жөніндегі талаптарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін заңнамасын Экспорттық-кредиттік агенттіктің сақтауына бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Экспорттық-кредиттік агенттік қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ақпаратты, оның ішінде қызметтік, коммерциялық құпияны, сақтандыру құпиясын және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді береді.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен шет елдердегі мекемелер Экспорттық-кредиттік агенттікке, оның шетелдік өкілдеріне және өкілдіктеріне отандық шикізаттық емес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сыртқы нарыққа ілгерілетуге жәрдем көрсетеді.

6. Өзге де орталық мемлекеттік органдар және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде отандық өңделген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын дамыту және ілгерілету жөніндегі тетіктерді іске асыруда және жергілікті жерлерде экспортқа бағдарланған кәсіпорындармен жұмыс істеуде Экспорттық-кредиттік агенттікпен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

7. Мемлекеттік органдар, коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін қозғайтын ақпаратты Экспорттық-кредиттік агенттіктің сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен беруге міндетті.

8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметіне мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының кез келген нысанда араласуына тыйым салынады.

Ескерту. 4-тарау 22-6-баппен толықтырылды – ҚР 23.01.2024 54-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-7-бап. Үлестес тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруге тыйым салу

1. Экспорттық-кредиттік агенттіктің үлестес тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруіне тыйым салынады.

2. Үлестес тұлғаға жеңілдікті жағдайлар беру мәні, мақсаты, ерекшеліктері мен тәуекелі бойынша Экспорттық-кредиттік агенттік үлестес тұлғаға жатпайтын тұлғамен жасамайтын мәмілені онымен немесе оның мүддесінде жасасуды білдіреді.

3. Үлестестік белгілері "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

Экспорттық-кредиттік агенттіктің үлестес тұлғаларына:

ұлттық басқарушы холдинг;

дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар;

ұлттық басқарушы холдингтің және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалардың лауазымды адамдары жатпайды.

Ескерту. 4-тарау 22-7-баппен толықтырылды – ҚР 23.01.2024 54-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. Сауданың өзге түрлері

23-бап. Аукциондық сауда

1. Тауарларды сату жөніндегі аукциондық сауда көпшілікке жария сауда-саттық жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Тауардың бастапқы бағасы сатушының сауда-саттық жасау кезіндегі тауардың рыноктық құнына орай айқындалуы мүмкін, түпкі бағаны сауда-саттық жүргізу нәтижесінде сатып алушы айқындайды.

2. Аукциондық сауда жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен реттеледі.

24-бап. Комиссиялық сауда

Комиссиялық сауда Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

25-бап. Тапсырыс бойынша сауда

1. Тапсырыс бойынша сауда сатушының тауар туралы жарнама және ақпарат таратудың өзге де әдістері негізінде мәліметтер ұсыну жолымен жүзеге асырылады.

Тапсырыс бойынша тауарларды сату жиынтық (стандартты) жіберілім арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Жиынтық (стандартты) жіберілім түрлі мақсаттағы тауарлардың жинақталымын қамтуы мүмкін.

2. Тапсырыстар бойынша сауда ішкі сауда субъектілерінің тапсырыстарды тікелей сатып алушыдан, көшпелі сауда орындарында беру және (немесе) қабылдау арқылы, телефон немесе пошта тапсырысы арқылы жүзеге асырылады.

3. Тапсырысты қабылдау және оны орындау жөніндегі қызмет көрсету бағасы, ақы төлеу тәртібі, жеткізу мерзімі шартпен айқындалады.

4. Тауарды елді мекен шегінде жеткізу қолма-қол жүзеге асырылады, тауарларды басқа орындардан жеткізу көлік немесе почта ұйымымен шарт жасасу арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін.

Тауар басқа елді мекеннен жеткізілген жағдайда тауар үшін есеп айырысуды, сондай-ақ көлік немесе почта ұйымы көрсеткен қызметтерге ақы төлеуді сатушының агенті жүзеге асырады.

5. Тапсырыс беруші шарттың талаптары бұзылмай орындалған тапсырысты қабылдаудан бас тартқан жағдайда, тапсырыс беруші сатушыға тауарды тапсырыс берушіге және кері қарай тасымалдау жөнінде көрсетілген қызметтердің құнын өтеуге міндетті.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26-бап. Шекара маңындағы сауда

1. Шекара маңындағы сауданы Қазақстан Республикасының шекара маңы аумағы мен шектес мемлекеттің тиісті шекара маңы аумағындағы жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2. Шекара маңындағы сауданы жүзеге асыру тәртібі уәкілетті орган бекіткен ішкі сауда қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған, шектес мемлекеттермен жасалған халықаралық шарттарда айқындалған талаптарға сәйкес айқындалады.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

27-бап. Көшпелі сауда

1. Көшпелі сауда тиісті аумақта жоқ тауарларға қажеттілікті қанағаттандыру үшін не осы аумақта сауда объектілері болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Ішкі сауда субъектісі көшпелі сауданы республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы айқындаған арнайы бөлінген орындарда және (немесе) маршруттарда жүзеге асырады.

Ішкі сауда субъектісі сауданы бекітілген маршрут бойынша оның кез келген нүктесінде жүзеге асыра алады.

3. Көшпелі сауда автодүкендерде және (немесе) шатырларда (павильондарда) жүзеге асырылады.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Көрме-жәрмеңке қызметі

1. Көрме-жәрмеңке қызметі нарықтың конъюнктурасын зерделеу, тауарларды сатып алу-сатуды ұйымдастыруға жәрдемдесу, шарттар жасасу және жаңа сауда

байланыстарын орнату мақсатында көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады. Көрме-жәрмеңке қызметі тауар үлгілерін көрсетумен байланысты.

2. Жергілікті атқарушы органдар, жеке немесе заңды тұлғалар халықаралық және республикалық маңызды мәртебесі бар көрмелер мен жәрмеңкелер өткізген жағдайда оларды өткізу көрмелер мен жәрмеңкелерді өткізу тұжырымдамасын уәкілетті органмен алдын ала келісу жолымен жүзеге асырылады. Көрмелер мен жәрмеңкелерді өткізу тұжырымдамасында болжалды ұйымдық және қаржылық ресурстар мен ықтимал қатысушылар туралы мәліметтер болуға тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген талаптар халықаралық мамандандырылған көрмеге қолданылмайды.

4. Қызметінің негізгі нысанасы Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын көрмеден кейін пайдалану болып табылатын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға өз қызметінің мақсатына қол жеткізу үшін мынадай функцияларды орындайды:

1) халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу кезінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз етеді;

2) халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыруға және өткізуге тікелей байланысты іс-шараларды қаржыландыруды, сондай-ақ халықаралық мамандандырылған көрме аумағында орналасқан халықаралық мамандандырылған көрме объектілерінің құрылысын қаржыландыруды қамтамасыз етеді;

3) қызметінің негізгі нысанасы Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын көрмеден кейін пайдалану болып табылатын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаның жарғысында көзделген өзге де функциялар.

5. Осы баптың 6-тармағында көрсетілген ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым:

1) орталық, жергілікті өкілді және атқарушы органдардан мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті ақпаратты сұратуға ;

2) халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу мәселелерін қозғайтын шешімдер қабылдауға қатысуға;

3) Қазақстан Республикасының азаматтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ

адамдарды олармен жасалған өтеусіз шарттар негізінде Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыруға және өткізуге қатысу үшін волонтерлер ретінде тартуға құқылы.

6. Алып тасталды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Қызметінің негізгі нысанасы Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын көрмеден кейін пайдалану болып табылатын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаға салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен ; өзгерістер енгізілді - ҚР 03.12.2013 № 151-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.12.2017 № 122-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-бап. Электрондық сауда

Электрондық саудаға қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29-1-бап. Электрондық сауданы жүзеге асыру

1. Офертаны өз атынан электрондық нысанда жіберетін сатушы электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде:

1) офертаға шарттың маңызды талаптарын енгізуге немесе оларды айқындау тәртібін көрсетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де талаптарды енгізуге;

2) шартты жасасу тәртібі туралы ақпаратты ұсынуға;

3) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған тәртіппен шот-фактураны жазып беруге, сондай-ақ "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бастапқы есепке алу құжаттарының көшірмелерін беруге міндетті.

1-1. Сатушының, сол сияқты сатып алушының электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде басқа тараптан электрондық сауда алаңында жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауын талап етуге құқығы бар.

2. Электрондық сауда мәмілелері бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәсілдері Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2-1. Электрондық сауда алаңындағы электрондық коммерция инфрақұрылымында:

1) электрондық сауда алаңының электрондық саудаға қатысушыларға қоятын ішкі талаптары;

2) тауар, жұмыс және көрсетілетін қызмет үшін банктік төлем жүйелерін пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу мүмкіндігі;

3) тауардың немесе көрсетілетін қызметтің жеткізілуін ұйымдастыру немесе үйлестіру;

4) сатып алушы мен сатушы арасындағы, оның ішінде тауарды қайтарып беру кезіндегі өзара есеп айырысуды қамтамасыз ету;

5) сатып алу-сату шартын, қызметтер көрсету шартын электрондық құжаттар немесе электрондық хабарлар алмасу жолымен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жасасу мүмкіндігін беру қамтылады.

Мамандандырылған электрондық сауда алаңдары қызметінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

3. Электрондық сауда алаңы электрондық коммерцияны жүзеге асыру кезінде:

1) ақпараттық ресурстарда қамтылған ақпараттың, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің тұтастығы мен құпиялылығын;

2) электрондық сауда алаңында жасалған мәмілелер бойынша сатып алушының өз міндеттемелерін орындауын, егер мұндай шарттарды электрондық сауда алаңы іске асырған жағдайда, қамтамасыз ету шарттарын айқындайды.

4. Электрондық коммерциядағы электрондық сауда алаңы, ақпараттық-жарнамалық сауда алаңы:

1) электрондық құжаттарда немесе электрондық хабарларда қамтылған ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге;

2) электрондық құжаттарды, электрондық хабарларды немесе олардың көшірмелерін, оның ішінде оларда қамтылған ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге, егер оның электрондық саудаға басқа қатысушылармен жасасқан шартында немесе Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе;

3) егер оның электрондық саудаға басқа қатысушылармен жасасқан шартында немесе Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, электрондық құжаттардың немесе электрондық хабарлардың мазмұнын не оларды пайдалану тәртібін өзгертуге құқылы емес.

5. Электрондық сауда алаңының сатушысы және (немесе) иесі электрондық сауда кезінде ақпараттың келісімге сәйкес және онда көзделген шарттарда сақталуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 5-тарау 29-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.10.2015 № 364-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 26.07.2016 № 12-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-2-бап. Фулфилмент орталықтарының функциялары

Фулфилмент орталығы мына функцияларды:

- 1) өндірушіден, сатушыдан, делдалдан немесе фулфилмент орталығының қызметтерін көрсетуге шарт жасасқан басқа тұлғадан тауар қабылдауды;
- 2) қабылданған тауарды қоймада сақтауды;
- 3) тауарға тапсырыстарды, оның ішінде электрондық байланыс құралдары арқылы қабылдау мен өңдеуді;
- 4) тауарға келіп түскен тапсырыстарға сәйкес тауарды жасақтауды;
- 5) тауарды қаптауды;
- 6) тауарды сатып алушыға жеке жеткізу қызметімен жеткізуді немесе тауарды бөгде жеткізу қызметтері арқылы жөнелтуді;
- 7) сатып алушылардан тауар үшін төлемақы алуды;
- 8) қайтарып берулерді өңдеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тарау 29-2-баппен толықтырылды - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30-бап. Тауарлармен биржалық сауда жасау

Биржалық сауда Қазақстан Республикасының тауарлық биржалар туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6-тарау. Ішкі сауда субъектілеріне және тауарларға қойылатын талаптар

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 6-тарау жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен

31-бап. Ішкі сауда субъектілеріне қойылатын талаптар

Ескерту. 31-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Ішкі сауда субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) тиісінше сапалы, қауіпсіздік талаптарына сай келетін тауарларды сатуға;

1-1) отандық өндіріс тауарларын көрнекі және физикалық қолжетімді жерлерде орналастыруға;

2) тауарларды тиісінше жария оферта, шарттар немесе өзге де мәмілелер талаптарына сәйкес белгіленген өлшемдер бойынша сатуға;

2-1) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және (немесе) заңнамасына сәйкес таңбалау туралы шешім қабылданған, таңбаланған тауарларды сатуға;

2-2) бұрын пайдалануда болған, қабылданған және өткізілген азық-түлік емес тауарларды ішкі сауда қағидаларында айқындалатын тәртіппен есепке алуды жүргізуге міндетті.

Ішкі сауда субъектісі бұрын пайдалануда болған, қабылданған және өткізілген азық-түлік емес тауарлар туралы ақпараттың күнтізбелік бір жыл ішінде сақталуын қамтамасыз етеді;

3) сатып алушыға тауардың сапасы мен шығарылған жері, тұтыну қасиеттері, кепілді міндеттемелері және талаптар қою тәртібі, өнімді пайдалану, оны сақтау тәсілдері мен ережелері туралы, ал талап-арызды және сотқа ұсынылатын, оған қоса берілетін құжаттар ресімделген жағдайда, сол сияқты сатушының немесе дайындаушының (орындаушының) орналасқан жері мен өзге де реквизиттері туралы қажетті және дұрыс ақпарат беруге;

4) сауда объектісінің жалпы жұртқа қолжетімді жерінде өлшемдер бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі талаптарына сәйкес тексерілген бақылау-өлшеу аспаптарын орналастыруға;

5) сатып алушыда тауарлардың массасы мен ұзындығына қатысты күмән туындаған жағдайларда, оған бақылау-өлшеу құралдарының көмегімен аталған сипаттамаларды өз бетінше тексеру мүмкіндігін беруге;

6) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестігі міндетті расталуға жататын тауарларды сату кезінде сатып алушының талабы бойынша оған сәйкестік сертификатын (белгіленген үлгідегі бланкілердегі көшірмесін) не сәйкестік туралы декларацияны көрсетуге;

6-1) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестігі міндетті расталуға жататын тауарларды көтерме саудада сату кезінде сатып алушының талабы бойынша оған сәйкестік сертификатын не сәйкестік сертификаты көшірмесінің берілген күнін көрсете отырып, тауарларды

беруші болып табылатын заңды тұлға басшысының немесе құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берілген адамның немесе дара кәсіпкердің мөрімен және қолымен расталған сәйкестік сертификатының көшірмесін не сәйкестік туралы декларацияны көрсетуге;

7) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіп пен жағдайларда фискалды жады бар бақылау-кассалық машиналарды қолдануға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Заңның 32-бабында белгіленген қауіпсіздік талаптары мен нормаларға сай келмейтін тауарды айналымнан алып қоюға, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдарды және тұтынушыны оның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне, қоршаған ортаға ықтимал қауіп туралы уақтылы хабардар етуге, оның ішінде сатылған тауардың құны мен тұтынушыға келтірілген залалдары (нұқсанды) өтей отырып, оны тұтынушыдан қабылдап алуға;

9) мемлекеттік органдардың белгіленген тәртіппен шығарылған ұйғарымдарын орындауға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

1-1. Өндіруші немесе өткізуші Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сай келмейтін өнімді анықтаған және оны өткізуден өз еркімен қайтарып алған жағдайларда, бақылау және қадағалау органдары мұндай өндірушілерге немесе өткізушілерге қатысты шаралар қолданбайды.

2. Сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілерінің тауарлар беру туралы шарт жасасудан негізсіз бас тартудан не көрінеу кемсітушілік сипаты бар және:

1) ішкі сауда субъектісінің осындай қызметті жүзеге асыратын басқа ішкі сауда субъектілерімен, сондай-ақ басқа ішкі сауда субъектілерімен осындай немесе өзге талаптарда тауарлар беру шарттарын жасасуына тыйым салу туралы талаптар;

2) тауарлар беруді жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісінің осындай қызметті жүзеге асыратын басқа ішкі сауда субъектілерімен жасалатын шарттар туралы мәліметтер ұсынуы туралы талап қамтылатын шарт жасасудан көрінетін, тауарлардың сауда желілеріне немесе ірі сауда объектілеріне кіруін шектеуіне тыйым салынады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақты алып тастау көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Ішкі сауда субъектілерінің осы Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына нормативтік құқықтық актілерде белгіленген жол берілетін шекті бөлшек сауда бағасының мөлшерін бұзуына тыйым салынады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарын бұзған кезде ішкі сауда субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

5. Егер сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі мен азық-түлік тауарларын беруші арасында мұндай тауарларды сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісіне бергеннен кейін белгілі бір уақыттан соң оларға ақы төлеу талабымен тауарлар беру шарты жасалған жағдайда, осы шартта белгілеу үшін мұндай тауарларға ақы төлеу мерзімі мынадай қағидалар бойынша айқындалады:

1) сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі күнтізбелік он күннен аз жарамдылық мерзімі белгіленген азық-түлік тауарларына мұндай тауарлар берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ақы төлеуге тиіс;

2) сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, күнтізбелік он және одан да көп күн жарамдылық мерзімі белгіленген азық-түлік тауарларына мұндай тауарлар берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде ақы төлеуге тиіс.

6. Тауарларға осы баптың 5-тармағында белгіленген мерзімдерде ақы төлеу тауарлар беруді жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне немесе шартқа сәйкес тауарларға қатысты құжаттарды беру жөніндегі міндетті орындаған жағдайда жүргізіледі.

7. Сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі мен азық-түлік тауарларын беруші арасында азық-түлік тауарларын беру шартын жасасу кезінде ішкі сауда субъектісінің өнім берушіден азық-түлік тауарларының белгілі бір санын сатып алуына байланысты оған төленетін сыйақыны азық-түлік тауарларының бағасына енгізу көзделуі мүмкін. Көрсетілген сыйақының мөлшері осы шарт тараптарының келісуіне жатады және сатып алынған азық-түлік тауарлары бағасының бес пайызынан аспайды. Сыйақының көрсетілген жиынтық мөлшерін есептеу кезінде қосылған құн салығының сомасы есепке алынбайды. Ішкі сауда субъектісінің уәкілетті орган бекітетін тізбеде көрсетілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жекелеген түрлерін сатып алуына байланысты осы тармақта көрсетілген сыйақыны төлеуге жол берілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген сыйақы мөлшерін арттырған кезде ішкі сауда субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ескерту. 31-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 346-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-1-бап. Сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін салық төлеуші – дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

1. Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын күнтізбелік ай шегінде күнтізбелік үш күннен асатын мерзімге жалға (пайдалануға) берген кезде жалға беру (пайдалану) жазбаша шартын жасауға міндетті. Бұл ретте жалға беру (пайдалану) шартында:

- 1) жеке тұлғаның-жалға алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
- 2) жалға алушы – дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның толық атауы;
- 3) жеке тұлғаның-жалға алушының жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні;
- 4) жалға алушының сәйкестендіру нөмірі;
- 5) жалға беру (пайдалану) шартының нөмірі (болған кезде) және жасасқан күні;
- 6) жалға берудің (пайдаланудың) басталу және аяқталу күні көрсетіле отырып, оның кезеңі;
- 7) жалға беру төлемінің сомасы және (немесе) өтелетін шығыстар сомасы;
- 8) сауда объектісінің, сауда объектісіндегі, оның ішінде сауда базарындағы сауда орнының мақсаты;
- 9) сауда объектісінің, сауда объектісіндегі, оның ішінде сауда базарындағы сауда орнының орналасқан жері;
- 10) жалға берушінің және жалға алушының қолы және мөрі (ол болған кезде);
- 11) шартқа сәйкес өзге де талаптар міндетті түрде көрсетілуге тиіс.

2. Сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беруші дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар жалға беру (пайдалану) шарттарының тізілімін жүргізуге және оны салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсынуға міндетті.

Ескерту. Заң 31-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.30 № 297-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 27.10.2015 № 364-V (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-бап. Тауарларға қойылатын талаптар

1. Қауіпсіздік талаптарына сай келетін және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасы мен стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес келетін тиісті сападағы тауарлар Қазақстан Республикасының ішкі нарығында айналымға жатады.

2. Тауарлардың сапасы туралы мәліметтер мынадай ақпаратпен расталады:

- 1) дайындаушының тауар белгісі;
- 2) тауардың шыққан елі;
- 3) тауардың құрамы туралы;
- 4) азық-түлік тауарлары үшін – тамақ құндылығы;
- 5) дайындалған күні;
- 6) сақтау және жарамдылық мерзімі туралы;
- 7) стандарттау жөніндегі құжаттың көрсетілуі;
- 8) стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес өзге де мәліметтер.

Тауар сапасына қойылатын жоғарыда аталған талаптар туралы ақпарат "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде заттаңбаларда, затбелгілерде, жапсырмаларда (стикерлерде), қосымша парақтарда, материалдық жеткізгіштерде қамтылуға тиіс.

Тауарлардың сақталуы және тасымалы олардың сапасының сақталуы және тұтыну үшін қауіпсіздік талаптарының сақталуы, оның ішінде арнайы жабдықталған үй-жайларда сақтаудың көзделген шарттарға, осы мақсаттар үшін арнайы арналған көлік құралдарында тасымалдау шарттарына қойылатын талаптардың сақталуы қамтамасыз етілетін жағдайларда жүзеге асырылуға және белгіленген жағдайларда мұндай талаптардың сақталуы тиісті құжаттардағы жазбалармен расталуға тиіс.

3. Мыналарды:

- 1) айналыстан алынған тауарларды;
- 2) арнайы рұқсат алынбастан, айналыс қабілеті шектелетін тауарларды;

2-1) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін және техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес алып қоюға және кері қайтарып алуға жататын өнімді;

3) белгіленген тәртіппен таңбалауға жататын сәйкестендіру құралдары немесе есепке алу-бақылау таңбалары жоқ акцизделетін тауарларды;

3-1) бақылау (сәйкестендіру) белгілері немесе материалдық жеткізгіштері жоқ, бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен немесе материалдық жеткізгіштермен таңбалануға жататын тауарларды;

- 4) осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды;

4-1) мемлекеттік қорғаныс тапсырысы және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы шеңберіндегі сатып алуды қоспағанда, мүдделі мемлекеттік органдардың келісуі бойынша уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілерінің, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің әскери немесе арнаулы нысанды, нысанды киім-кешегінің заттарына, айырым белгілеріне жататын тауарларды;

4-2) аталған тауарларды "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатып алу жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік кіріс органдарының нысанды киім-кешегінің заттарына жататын тауарларды;

4-3) қолданылуы Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулау құралдарын;

4-4) сексеуіл сүрегінен жасалған өнімді, Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес мемлекеттік орман иеленушілердің оны өткізуін қоспағанда, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сексеуіл екпелерін кесуге тыйым салу қолданылатын кезеңде;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында сатуға тыйым салынған өзге де тауарларды сатуды жүзеге асыруға тыйым салынады.

Ескерту. 32-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 346-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 94-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2021 № 100-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-1-бап. Сауда қызметі субъектілерінің құқықтары

1. Сауда қызметі субъектілері осы Заңға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сауда қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2. Сауда қызметі субъектісі:

1) сауданың мамандандырылуын (әмбебап сауда және (немесе) мамандандырылған сауда);

2) сатылатын тауарлардың ассортиментін;

3) жұмыс режимін;

4) осы Заңның 9-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, сатылатын тауарлар бағаларын өз бетінше айқындайды.

3. Сауда қызметі субъектісі өзінің мүдделері қозғалатын нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды мемлекеттік органдардың қарауы үшін ұсынуға құқылы.

32-2-бап. Көтерме-тарату орталықтары

Кейіннен ішкі және (немесе) сыртқы нарықтарда көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу үшін, үлесі тауарлардың жалпы ассортиментінің кемінде алпыс пайызын құрайтын азық-түлік тауарларын және тізбесі көтерме-тарату орталықтарына қойылатын талаптарда айқындалатын азық-түлік емес тауарларды тиісінше сақтауға және (немесе) олармен жасалатын сатып алу, дайындау, бөлу және (немесе) өзге де операцияларды орындауға арналған қойма үй-жайларынан, павильондардан және (немесе) арнайы жабдығы бар басқа да үй-жайлардан тұратын көпфункционалды инфрақұрылымдық сауда-логистикалық кешен көтерме-тарату орталығы деп танылады.

Көтерме-тарату орталықтары қызметтер кешенін көрсетеді немесе технологиялық мамандануына және көрсетілетін қызметтер түріне қарай мынадай болып бөлінуі мүмкін:

1) сақтайтын көтерме-тарату орталығы азық-түлік тауарларын сақтауға және олармен жасалатын сатып алу, дайындау, бөлу және (немесе) өзге де операцияларды орындауға арналған, көбінесе жеміс-көкөніс өнімдері мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру орындарына жақын орналасқан және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға және ішкі сауда субъектілеріне кейіннен ішкі және сыртқы нарықтарда өткізу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін қабылдау, сақтау және бастапқы өңдеу (тазалау, калибрлеу, сұрыптау, орау және басқа да көрсетілетін қызметтер) бойынша қызметтер көрсететін жылжымайтын мүлік объектісі болып табылады;

2) бөлетін көтерме-тарату орталығы азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сақтауға және өткізу объектілері бойынша бөлуге және тауарларды сауда объектілерінің мұқтаждары үшін уақытша сақтау және тиеу (ауыстырып тиеу) жөніндегі логистикалық қызметтерді көрсетуге арналған жылжымайтын мүлік объектісі болып табылады;

3) сауда көтерме-тарату орталығы сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға және (немесе) ішкі сауда субъектілеріне сауда қызметін жүзеге асыру кезеңіне инфрақұрылымдық сауда-логистикалық кешен шегіндегі сауда алаңдарына, сақтау орындарына және басқа да үй-жайларға кедергісіз қол жеткізуді ұсынатын жылжымайтын мүлік объектісі болып табылады.

Ескерту. 6-тарау 32-2-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2021 № 96-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-тарау. Қорытынды ережелер

33-бап. Сауда қызметін жүзеге асыруды бақылау

Ескерту. 33-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

33-1-бап. Тауарлардың сауда желілеріне және ірі сауда объектілеріне жетуін шектеуді бақылау

Ескерту. 33-1-бап алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

33-2-бап. Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және оның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жоспардан тыс тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың екінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы бапқа сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін ішкі сауда субъектілері, дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау субъектілері болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талаптар мен шектеулер қолданылатын қызмет пен мүлік Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау объектілері болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және оның лауазымды адамдары жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына осындай бағаларды белгілеу туралы шешімдерінің негізінде жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік бақылау субъектісін осы бақылауды жүргізудің басталғаны туралы алдын ала хабардар ету талап етілмейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақтың бірінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6. Уәкілетті орган өздеріне қатысты әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізілетін мемлекеттік бақылау субъектілерінің тізімін жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының шекті бөлшек сауда бағаларын белгілеу туралы шешімдерінің негізінде қалыптастырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақтың екінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу қорытындылары бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда уәкілетті орган мемлекеттік бақылау субъектісіне (объектісіне) жою мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою туралы нұсқама береді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7. Әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын мемлекеттік бақылау қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы көрсетілген мерзімдерде орындамау жоспардан тыс тексеру жүргізуге негіз болып табылады.

Ескерту. Заң 33-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Дауларды шешу

Сауда қызметін мемлекеттік реттеу процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

35-бап. Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

36-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК